

**"КАТЭП" Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компаниясының кәсіпорындары үшін Техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 26 шілде N 1022

"КАТЭП" Атом энергетикасы мен өнеркәсібі жөніндегі ұлттық акционерлік компаниясының /бұдан әрі - КАТЭП/ кәсіпорындарында жұмыстың қауіпсіздігі проблемалары жөнінде ғылыми зерттеулер мен сараптаулар өткізудің, апаттар мен жарақаттанудың алдын ала шараларын жүзеге асырудың қажеттілігіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Үлбі" мемлекеттік холдингтік компаниясының Үлбі жобалау-конструкторлық институты жанынан "КАТЭП" компаниясының кәсіпорындары үшін Техникалық қауіпсіздік жөніндегі ғылыми-зерттеу орталығы /бұдан әрі - Орталық/ құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитетке Орталықтың қызметіне әдістемелік және жедел басшылық жасау, олардың жұмысын белгілейтін нормативтік актілерді пысықтау мен келісу тапсырылсын. <\*>

3. Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау комитеті, "Үлбі" мемлекеттік холдингтік компаниясының Үлбі жобалау-конструкторлық институты үш айлық мерзімде Орталықтың ережесі мен құрылымын әзірлеп, бекітетін болсын. <\*>

ЕСКЕРТУ. 2,3-тармақтарға өзгеріс енгізілді - ҚРҰ-нің  
1996.08.20. N 1031 қаулысымен. P961031\_

4. Орталық қызметінің мынадай негізгі бағыттары белгіленсін:

"КАТЭП" кәсіпорындары мен объектілерінде жұмыстың қауіпсіздік жағдайын қамтамасыз ету қажеттілігінен туындайтын техникалық құжаттамаларды мемлекеттік сараптаудан өткізу, жаңадан жасалған, жетілдірілген және шетелдік металлургиялық және химиялық құрал-жабдықтармен бақылау-өлшеу приборларын сынау мен сертификаттауды жүзеге асыру;

"КАТЭП" компаниясы кәсіпорындарының металлургиялық және химиялық объектілерін салу, қайта жаңарту мен тоқтату /жоюды/ жобаларының техникалық құжаттамаларын сараптаудан өткізу;

техникалық қауіпсіздік жөніндегі ережелер мен нормативтік техникалық құжаттардың жобаларын "КАТЭП" компаниясымен бірлесіп әзірлеу, сондай-ақ металлургиялық және химиялық объектілерде жұмысты қауіпсіз жүргізу жөнінде

келісімдер мен қорытындылар беру үшін құжаттама дайындау;

техникалық қауіпсіздік мәселелері жөнінде жобалау-сметалық құжаттамаларды әзірлеуге қатысу.

5. Орталық қаржыландыру "КАТЭП" компаниясының кәсіпорындарымен тікелей келісім бойынша шаруашылық негізінде жүзеге асырылсын, ал перспективалық және ұзақ мерзімді сипаттағы ғылыми-зерттеулер - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитеттің "КАТЭП" кәсіпорындарының техникалық қауіпсіздік жөніндегі мақсатты ғылыми зерттеулерге аударған ақшалары есебінен құралатын орталықтандырылған қорынан қаржыландырылады. <\*>

ЕСКЕРТУ. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР-нің 1996.08.20.

№ 1031 қаулысымен. Р961031\_

6. Орталықтың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу контракт және шаруашылық негіздегі қолданылып жүрген заңдар мен нормативтік актілерге сәйкес белгіленсін.

7. "Үлбі" мемлекеттік холдинг компаниясының "КАТЭП" компаниясы Орталыққа ғылыми-техникалық және эксперименттік базаларын құруда және нығайтуда жәрдем көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі